

2019 жылға арналған студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 594 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17645 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2019 жылға арналған студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыс орналастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б. А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы
№ 594 бұйрығына қосымша

2019 жылға арналған студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыс

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 28.08.2019 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Өнім берушінің атауы	Жатақханалардағы жаңа орындардың саны
1	"М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗМЗУ Университеті" акционерлік қоғамы	560
2	"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	265
3	"Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	188
4	"Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы" мекемесі	300
5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	800
6	"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы	250
7	Жеке кәсіпкер Кайпова Гульслу Сайдуллаевна	350
8	Жеке кәсіпкер Гусейнов Шамсадин Аллахверди оглы	210
9	Жеке кәсіпкер Г.А. Рыспаева	100
10	"Югстройсервис-Н" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200
11	"R'n R Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	164
12	"Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	170
13	"Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті" мекемесі	500
14	Жеке кәсіпкер В.П. СЕМЕНОВ	340
15	"Қазақстан-Американдық Еркін университеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	106
16	"ДиЛМАШ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330
17	Жеке кәсіпкер СҮЙЕНІШ САҒИ ҚОМШАБАЙҰЛЫ	400
18	"Virginia" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100
19	Қарағанды облысы Білім басқармасының "Қарағанды гуманитарлық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	100
20	"Қайнар" жоғары колледжі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	105
21	Жеке кәсіпкер ҚАНАТҰЛЫ ТАРҒЫН	420
22	Жеке кәсіпкер К.Н.Бексултанова	300
23	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	396

24	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	100
25	"Каспий қоғамдық университеті" білім мекемесі	158
26	Жеке кәсіпкер "Айшанұр"	100
27	Жеке кәсіпкер Д.Б. Бекенов	241
Барлығы		7253

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК